

**Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 85 "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 466 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 7215 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 85 "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5273 тіркелген, 2017 жылғы 9 наурызда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 маусымынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Хромтау аудандық  
мәслихаты сессияның төрағасы*

*Е. Юшкевич*

*Хромтау аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Д. Мулдашев*